

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 970 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ** **ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат; 2000 ж., № 54, 593-құжат; 2001 ж., № 1-2, 2-құжат; № 4-5, 43-құжат; 2002 ж., № 26, 272-құжат; № 45, 445-құжат; 2003 ж., № 12, 130-құжат; № 16, 160-құжат; 2004 ж., № 13, 166-құжат; № 21, 267-құжат; № 27, 344-құжат; № 48, 590-құжат; 2005 ж., № 16, 189-құжат; № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; № 49, 623-құжат; 2006 ж., № 7, 50-құжат; № 26, 264-құжат; № 28, 299-құжат; № 30, 320-құжат; 2007 ж., № 30, 330-құжат; № 33, 361-құжат; 2008 ж., № 10, 105-құжат; 2009 ж., № 5, 13-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықтың 2-қосымшасына:

"Қазақстан Республикасының прокуратурасы" деген жолдағы "5921" деген цифрлар "6281" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Бас прокуратура" деген жолдағы "289" деген цифрлар "338" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Прокуратура органдары" деген жолдағы "4861" деген цифрлар "5171" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет" деген жолдағы "117" деген цифрлар "118" деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықтың 3-қосымшасы осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) (күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.09.22 № 1066 Жарлығымен).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2010

жылғы

9

сәуірдегі

№ 9 7 0 Ж а р л ы ғ ы н а
ҚОСЫМША
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 2 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 2 9 Ж а р л ы ғ ы н а
3-ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы
Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің штат саны
ЛИМИТІ**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы	
Сот әкімшілігі жөніндегі комитет	64
Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы	
сот әкімшілері, оның ішінде:	8432
сот әкімшілерінің аппараттары, облыстық және	
оған теңестірілген соттардың кеңселері,	
сот орындаушылары	3251
аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселері	4484
сот приставтары	697

**Қазақстан Республикасының жергілікті соттары
судьяларының штат саны
ЛИМИТІ**

Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялары	574
Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары	1945